

Кәсіби іс-әрекетті қалыптастырудағы инновациялық технологиялардың рөлі

Аңдатпа. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өмірінде болып жатқан түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесіндегі басымдықтарды қайта қарауды талап етті және оның ең маңызды мақсаттарының бірі - болашақ ұрпақты кәсіби қызметке даярлау. Қазіргі қоғамда мамандықтардың түрлілігі, соған сай ғылыми техникалық жабдықтардың қарқынды дамуы, соған қарамастан, кәсіби білікті мамандардың тапшылығы белең алу-да, сондықтан болашақ мамандардың кәсіби іс-әрекетін қалыптастыру барысында инновациялық технологияларды меңгеру маңызды. Заман талабының көрсеткіші білімді, білікті, білікті жаңашылдықты меңгерген жастарға мұқтаж. Бұл мақалада кәсіби іс-әрекетті қалыптастырудағы инновациялық технологиялардың маңыздылығына тоқталдық. Заман талабының көрсеткіші білімді, білікті жаңашылдықты меңгерген жастарға мұқтаж. Ал оның бастау алатын бұлағы әрине білім беру мекемелері болып табылады. Сондықтан да біз инновациялық технологияларды білім саласындағы алатын орны мен ондағы қызметінен бастадық. Жалпы инновация дегеніміз не және оны қандай, ғалымдар зерттеді, қазіргі уақыттағы инновациялық технологиялардың түрлеріне, және оның оқушыларға беретін қандай пайдасы бар екенін атап өттік. Және оқушыдан бөлек мұғалімнің кәсіби іс-әрекетті қалыптастыруда қандай технологияларды қандай деңгейде меңгеру керектігінің көрсеткіштерін талдадық. Жаңа инновациялық технологияларға бөлек тоқталып олардың бала бойында қандай қабілетті дамытуға көмектесетінін сараладық. Инновациялық технологиялардың ғылыми әдебиеттерде қарастырылып жүрген кезеңдеріне де тоқталып өттік.

Түйін сөздер: инновациялық технологиялар, модификациялық, комбинаторлық, радикалдық, модульдік оқыту, сын тұрғысынан ойлау, кәсіби іс-әрекет.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2021-137-4-23-30>

Кіріспе

Дамыған егеменді елімізде білім беру саласында бүгінгі таңда білім мен ғылымның жаңашаланған әдістерін қолға алып, оқыту саласында өзге елдермен бәсекелестікке ұмтылып, жаңа ортаға бағыт алып жатыр. Мұның басты себебі оқыту бағытындағы үлкен өзгерістердің орын алуында болып отыр. Білім беру мекемелеріндегі оқытудың дәстүрлі әдістеріне өз-

герістер еніп, жаңа әдіс-тәсілдер, ақпараттық технологиялар, жаңашаланған технологиялар білім ордасына енгізіле бастады. Сондықтан дәл осы сәтте ақпараттық мәліметтердің белең алып, білім мен техника едәуір тез дамып келе жатқан уақытта болашақ жастардың қабілеттерін дамытып, ақыл-ой өрістерін кеңейтіп, таланттарын дамыта оқыту білім беру мекемелерінің басты мақсатына айналды. Өйткені бұрын оқушылар білімді өзіне сіңіруші,

жинақтаушы, білім алушы болса, қазір жаңа талаптарға сай өздігінен білімді меңгеруші, өздігінен ізденуші болып табылады. Мұның барлығы білім саласында ауадай қажет болып тұрған жаңару үрдісі мен мұғалімнің ізденімпаздығы, жаңашылдығы және шығармашылығымен келмек. Білім саласындағы қызметкерлерге қойылатын мақсат міндеттердің бірі – оқыту әдістемелерін жетілдіріп отыру және ең маңызды болып табылатын жаңа инновациялық технологияларды меңгеру. Бүгінгі қоғамның талабы – оқыту үдерісінде жаңашаланған технологияларды енгізу болып отыр.

«Инновация» термині латын тілінен алынған, ол «жаңару», «өзгерту» деген мағынаны білдіреді. Бұл түсінік ХІХ ғасырдың зерттеулерінде пайда болған[1,12].

Елбасымыздың 2010 жылғы халыққа жолдауынан соң «инновация» тек экономика саласында бастау алғанына қарамастан, қоғамдағы барлық салаларда орын ала бастады. Сол кезеңде инновация үлкен екі топқа жіктелді. Олар: әлеуметтік инновация және технологиялық инновация. Бұл орайда бұқаралық ақпараттар көзіне сенетін болсақ, технологиялық инновация жалпы тұрмыстық техникаларда, азық-түлік салаларында және де басқа құрал жабдықтардың сапасын арттырып, түрін көбейтуде және жаңа түрлерін қалыптастыруда бағытталған технологиялық шешім болып табылған. Ал әлеуметтік инновациялық технологиялар адам өмірін жақсартуға ықпал ететін саласында, атап айтар болсақ, денсаулық сақтау, білім беру, қайырымдылық және басқару жүйесін жетілдіру бойынша қызмет етеді. Сол әлеуметтік инновациялық технологияның маңызды бөлігі білім саласына бет бұрдық.

«Инновация» ұғымына ғалымдар әртүрлі пікір қалдырғандығын байқауға болады. Олар: Э.Роджерс, Майлс, Р.Масырова, Т.Линчевская. Бірі инновацияны «нақтылы бір адам үшін ерекше ой немесе әдіс болады десе, енді бірі мәселелердің шешімін таба алатын жаңа бір өзгеріс» - дейді [1,25]. Жаңашаланған әдістер арқылы оқыту саласындағы кейбір мәселелерді зерттеген қазақстандық

педагог-ғалымдар: Ш.Т.Таубаева, Н.Н.Нұрахметов, С.Н.Лактионова, Е.З.Батталханов, Қ.Қ.Қадашева, Т.О.Балықбаев, Ж.А.Қараев, Г.К.Нұрғалиева, К.Бұзаубақова, С.Д.Мұқанова, Н.И.Хван, Л.Е.Румянцева, З.У.Имжарова, М.М.Мұқаметқалиқызы және т.б. Ал «инновация» ұғымына ең алғаш қазақ тілінде анықтама берген қазақстандық ғалым Н.Нұрахметов.

«Жаңашаланған үрдіс дегеніміз – оқыту саласында білім берушілердің жаңашылдықты ұсынып, оны өздері меңгеріп, және оны тәжірибе жүзінде іске асырып одан нәтиже шығару қызметі» деп анықтама берген. Ғалым бұл жаңашаланған технологияларды білім берудегі әдістемелерде, білім мазмұнында, шығармашылық оқу-тәрбие іс-шараларында өзінің пайдасын типізеді деп көрсетіп, инновация өзінің жітемесінде бірнеше түрге бөліп көрсетті. Олар:

- жеке түрі (жеке — дара, бір-бірімен байланыспаған);
- модульдік түрі (жеке — дара кешені, бір-бірімен байланысқан);
- жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын)[2].

Сонымен инновация дегеніміз – жаңа нәтижелермен білім беру үдерісін белгілі бір деңгейге дамытатын, ереже тұрғысынан, тәжірибелік жағынан кәсіби іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы.

Зерттеудің өзектілігі. Кәсіби іс-әрекетті қалыптастырудың жүйесінің белгілі талабы – тек қана білім аясында ғана шектелмей, үйренген кәсіптік білімді адам өз қажетіне, өмірлік жағдайларда қолданып, қоғамға пайдасын келтіретін азамат қалыптастыру. Бұл бағыттың негізгі өзегі де, мотивы да осы болып тұр.

Зерттеудің мақсаты. Аталған кәсіби іс-әрекетті қалыптастыру жүйесінің негізгі мақсаты ұғымның теориялық бағытта ғана қалып қана қоймай, күнделікті әрекеттер мен жағдаяттарда қолдану білуінде. Білім беру бағытына жаңа талаптар қойылғандықтан, сол салада білім беріп жүрген оқытушылардың да біліктілігі мен заман талабына сай жаңашылдығы ескеріліп, оларға да кәсіби іс-әрекеттілігі дамыған инновациялық технологияларды жетік меңгерген болуы басты мақсат-міндеттің қатарына еніп отыр.



Сурет 1. Жалпы білім беру жүйесіндегі иновация түрлері [3]

Негізгі бөлім

Кәсіби іс-әрекет – адамдағы әлеуметтік жағдайды жақсарту ғана емес, болашаққа жол бастайтын даңғыл жол іспеттес. Осы жолға дұрыс бағдар беретін әрине мектеп және ұстаздар ұжымы оның оқытуда, білім беруде қолданатын иновациялық технологиялары.

Жалпы иновацияны білім беруде үлкен үш түрге бөлуге болады. Олар:

Иновациялық технологиялар – кәсіби іскерліктің жаңа түрі. Бұл қызметтер оқыту әдістерін дамытуға, білім алушылардың білімдерін тереңдетуге, мұғалімдердің кәсіптік және шығармашылық деңгейлерін дамытуға, кәсіптік шеберлікті арттыруға бағытталған. Мұндай технологияларды қолдану – әрбір істі ұтымды атқаруға көмектеседі, білім саласында оқушының таным кеңістігін кеңейтеді, сабаққа деген қызығушылы артады, дәріс пен сабақтарды да тиімді өткізуге септігін тигізеді. Бүгінгі оқушы ертеңгі қоғамға пайдасы тигетін, жан-жақты дамыған, жаңашыл әдістерді жетік меңгерген кәсіби іс-әрекетке қабілетті азамат пен азаматшалар. Білім саласында иновациялық технологиялардың алатын орны мен рөлі орасан зор.

Кәсіби іс-әрекет адам өміріндегі іс-әрекеттерінің де маңызды жағы болып саналады. Өйткені, адам сол арқылы өзін-өзі жетілдіріп, жұмыс жасап, өзінің мүмкіншіліктерін түбегейлі аша алады. Сондай біліктілікті бала бойында қалыптастыру әрине ұстаздың міндетінде болып отыр.

А.Байтұрсынұлының «Мектеп керектері» еңбегінде мынадай бір сөзді мақаланың мәйегі ретінде көрдім: «Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Демек, мұғалім неғұрлым білімді болса, ол жерден де білімді оқушылар көп шығады. Сондықтан да мектепке ең керекті – білімді, кәсіби педагогикалық іс-әрекеті дамыған, жақсы оқыта алатын мұғалім».

Мұндағы сөзден түсінгеніміз мектептегі басты тұлға ол ұстаз болса, оның бойындағы меңгерген білімі мен жаңашылдығы, шығармашылығы басты назарда деген сөз.

Қазіргі уақытта мұғалім өзінің осындай иновациялық технологияларды меңгергендігімен, шығармашылығымен ғана оқушыларды қызықтыра алады. Өзінің білім өрісінің кеңдігін көрсете алады. Сол мектепте қолданыста жүрген білім беру жүйесіндегі иновациялық технологиялар төмендегідей:

<ul style="list-style-type: none">❖ Дамыта отырып оқыту әдістемесі (Л.Занков);❖ Іс-әрекетті бағалау технологиясы (Ш.Амонашвили);❖ Оза отырып оқыту технологиясы (С.Лысенкова);❖ Тірек-схема және тірек конспектілері арқылы оқыту технологиясы (В.Шаталов)❖ Саралап оқыту технологиясы (В.В.Фирсов);❖ Деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқыту технологиясы;❖ Модульдік оқыту технологиясы (М.Жанпейісова);❖ Сын тұрғысынан ойлау технологиясы;	<ul style="list-style-type: none">❖ Ойын технологиясы;❖ Проблемалық оқыту технологиясы;❖ Жаңа ақпарат коммуникативтік технологиясы;❖ Витагенді оқыту технологиясы (А.С.Белкин);❖ Топтық және ұжымдық оқыту технологиясы (И.Д.Первин, В.К.Дьяченко);❖ Жекеше оқыту технологиясы (А.С.Границкая,В.Д.Шадриков)❖ Сатылай кешенді талдау технологиясы (Н.А.Оразақынова);❖ «Мәдени диалог» технологиясы (Л.В.Тарасов);❖ Дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы (П.Э.Эрдниев);
---	---

Сурет 2. Жаңа педагогикалық технологиялардың жіктелуі

Жоғарыда көрсетілген технологиялардың ішінен төмендегілеріне бөлек тоқталып өтетін болсақ:

- білім беруді ізгілендіру әдістемесі – балалардың жан дүниесіне жылулық ұялатып, жеке тұлға ретінде тәрбиелеу және оның танымдық күш-жігерін қалыптастыру;
- ойын арқылы оқыту әдістемесі – оқушы бойындағы ең басты құндылықтарды: білімділігін, шығармашылық қасиетін, танымдық кеңістігін ашу;
- проблемалық оқыту әдістемесі – балалардың шығармашылық және ұйымдастырушылық қабілетін арттырып, оларға өздіген ізденімпаздыққа дағдыландыру;
- тірек белгілері арқылы оқыту әдістемесі – балалардың барлығында дерлік жалпылама біліктілікті, дағдыны қалыптастыра отырып, оқытуды жеделдетуді көздейді;
- түсініктерді қабылдау арқылы оқыту әдістемесі – оқушыға берілетін оқу материалдарының бірізділігін, жүйелілігін саралап, әр оқушыға қолайлы болатындай жағдай жасап, кейбір тақырыптардың қиыншылығын жеңіп, қиын болып келген тақырыптарды біртіндеп

оңайлату арқылы бүкіл оқушыны жүйелі түрде қабілеттендіру;

- деңгейлеп саралап оқыту әдістемесі – білім алушылардың қабілеттік деңгейіне қарай, топтардың да деңгейлерін саралап, мән беріп үйрету арқылы міндеттелген мемлекеттік жүйе бойынша білімдендіру;
- оқытудың компьютерлік әдістемесі – оқушыларда мәліметтер арқылы жұмыс жасай білуді қалыптастыра отырып, қатынас қабілетін дамытып, жеке дара тұлғаны жаңашыл ортаға дайындау;
- модульдік оқыту әдістемесі – оқушы алға қойған мақсат-мүддесіне ұмтылу арқылы оқытушыға өзі орындаған мақсаттардың нәтижесін жүйемен талдай алуы, алгоритмді таңдап құрастыру арқылы, білім беруді бірыңғай жобаға келтіру;
- өз-өздігінен даму әдістемесі – оқушының санасындағы ойлар мен әлеміндегі ойлау әрекетін бірлестіру арқылы оқушыны дербестікке баулып, жан-жақты дамыту;
- дамыта оқыту әдістемесі – оқушы бойындағы еркіндікті, көзделген мақсатқа ұмтылуды, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіру[4].

Кесте 1

Таным түрғысынан қызығушылықты қалыптастыру	Әрбір маман өзінің болашақ мамандығын жақсы көріп, кәсіби шеберлігін дамытуға ұмтылып, кәсіпкер-маман ретіндегі жеке біліктілігін арттырып, нарық сұранысына сәйкес өсуге бағытталуы тиіс.
Маман білімінің мазмұны, мамандығының практикасымен ұштасуы	Білім алушы оқу үдерісі барысында жалпы мәдениеттілік және әдіснамалық дайындықтан өтіп, білім жүйесінің жалпы теориялық негіздерін меңгеруі тиіс. Оқу үдерісінің теориялық негіздері және жеке тұлға теориясының негіздері ұштасқанда ғана білім алушылардың инновациялық әрекеттері нәтижелі болатындығы айқын.
Мамандарға бейімділік дағдыларын сіңіру	Сабақты қалыптасқан әдіс бойынша біркелкі өткізбей, әр сабақ сайын ғылым мен техниканың, педагогикалық өлшемдердің озық тәсілдерін пайдалана отырып, ерекше өткізуге болады. Сонда оқушы әр сабақта әр түрлі жағдаяттық тапсырмаларды орындай отырып, бейімділік өлшемдерін меңгереді. Мұндай оқушы болашақта қандай ортаға тап болғанына қарамастан, өз ісіне ғана қажетті инновациялық технологияны таңдап, әрі сол ортаға өз болмысын бейімдей отырып әрекет етеді.

Инновациялық технологияларды үйренудегі басты көрсеткіштер[5]

Инновациялық оқыту технологиясы қазіргі уақыттағы ғылыми-педагогикалық қызметтің ерекше символы болып табылады. Бұл технологияны меңгеру үшін бұл саланы жетік меңгерген мамандарды даярлау керек. Демек, мұғалім біліктілігі мен шығармашылығын ұштастыра отырып, белгілі бір іскерлік дағдыны қалыптастыра алуы қажет. Әрбір ұстаз бұл саланы үйрену арқылы өзін-өзі едәуір дамытқанын және өзін-өзі қалыптастырғанына көз жеткізеді. Және де өзі білім беретін әрбір білім алушыға кез-келген ортаға тез үйренісіп, ол ортада осы инновациялық технологияларды қолдана отырып, өзін-өзі алып шыға алатын деңгейде болуы шарт. Оқытушылар мұндай білім даярлығын талап ете алуы үшін, ең алдымен оның басты көрсеткіштері қандай екенін анықтап алулары қажет.

Кәсіби іс-әрекетке қабілетті маманның танымдық қабілеті өзге ортаға тез бейімделуінен, кәсіби түрғыда өзінің әдіс тәсілдерін пайдалана алуымен, заманға сай инновациялық технологияларға қызығушылық таныту

арқылы ерекшеленеді. Бұған болашақ маманның кәсіби түрде қоршаған ортаны танып білуі, алған кәсіби білімін өз тәжірибесінде ұтымды қолдануы, инновациялық технологияларды жақсы зерделеп, өзінің білім беріп жатқан ортасына сай етіп таңдай білуі және оны толықтай меңгергені жатады.

Сонымен біз жоғарыда тоқталған инновациялық технологиялар білім деңгейін көтеріп, сапасын аттыруға кең көлемде жағдай жасайды. Бұл технологияларды меңгеріп, сараптай келе мынадай тұжырымға келуге болады:

- оқушының білімділігін, біліктілігін арттыру мақсатында көптеген инновациялық технологиялар сан алуан, оларды дұрыс таңдап, одан оңтайлы нәтиже шығару оқушының кәсіби іс-әрекетіне тікелей байланысты болмақ;

- біз айтып отырған жаңа инновациялық технологияларды кәсіби-іс әрекет қалыптастыруда жүйелі әрі көзделген мақсатқа айқын жеткенде ғана білім жолында жетістікке жетуге болады;

- Идеяның немесе инновация тұжырымдамасының пайда болу кезеңі мұны шартты түрде, іргелі де қолданбалы ғылыми зеттеулердің нәтижесі болып табылатын жаңалықтың ашылу кезеңі деп те атайды.
- Ойлап табу кезеңі, яғни қандайда бір нысанға, материалдық немесе рухани өнім үлгіге айналған жаңалықты құру немесе ашу кезеңі.
- Жаңалықты енгізу кезеңі, мұнда ойлап табылған жаңалық іс жүзінде қолданысқа еніп, қайта өңделеді және жаңалықтан тұрақты нәтиже алынады. Бұдан кейін жаңалық өз бетінше өмір сүре бастайды да, инновациялық үдеріс жаңалыққа деген алғырлық қалыптасқан жағдайда келесі кезеңге аяқ басады.
- Жаңалықты тарату кезеңі, мұнда жаңалық кеңінен қолданысқа енгізіліп, жаңа салаларға кіреді.
- Нақты бір салада жаңалықтың үстемдік ету кезеңі, мұнда жаңалық бұрынғы жаңашылдық қасиеттерін жоғалта бастайды да оны едәуір тиімді жаңалықпен ұтымды алмастыру үдерісі қарастырылады.
- Жаңалықтың қолдану аясын қысқарту кезеңі, мұнда жаңалық жаңа өніммен алмастырылады.

Сурет 3. Ғылыми әдебиеттердегі инновациялық үдеріс кезеңдері [6]

Осы уақытқа дейін инновациялық үдерістерді ғылыми әдебиеттерде мынадай кезеңдерге бөліп қарастырады:

Барлық атап көрсетілген, зерттелген инновациялық технологиялардың мақсат міндеттері жалғыз. Ол қазіргі заман талабына сай жаңашыл, білімді, білікті инновациялық технологияларды, ақпараттық технологияларды жетік меңгерген болашақ білімді азамат пен азаматшаларды дайындау.

Қорыта келгенде, кәсіби іс-әрекетті қалыптастыруда инновациялық технологиялардың орны орасан зор екенін байқауға болады. Өйткені инновациялық технологиялар

жай ғана бір модуль емес, білім беруде жаңа мүмкіндіктерді тиімді пайдалану принципі болып табылады.

Кез келген салада болсын, білім саласында жаппай жаңашаланған әдістемелерді іске асыру, ол қазіргі уақыттағы маңызды мәселелеріңді жиынтығынан шығып, білім беру саласында технологияларға өзге жағынан сипаттама беріп, қазіргі кезеңге сай үздіксіз дамытып отыруға бағытталады. Қоғамдағы экономикалық жағдайлардың деңгейін жоғарылатып, оларды дамыту айтылып отырған жаңашаланған әдістемелердің іске асуынан шешім таппақ. Инновация – қажетті қару, ал

инновациялық технологиялар осы қаруды үйреніп, іске асырудың жолы.

«Адам бойындағы ең үлкен қасиет – өмірді түсіну, қанағат тұту, ұстанымдылық және өзгеге ұқсамайтын даралық» - деп белгілі ғұлама ғалым әл-Фараби айтқандай әр адам бойындағы жаңашылдық, кәсіби-іс әрекеті оны өз алдына даралап тұрады. Заман талабына сай өскелең жастардың білім алу деңгейлері

жоғарғы нәтижені көрсетудің алғы шарты – білім беру мекемелерінде, жалпы оқыту саласына жаңашаланған әдістемелерді кіріктіру. Сол себепті ғылыми-техникалық дамулардан қалыспай, жаңашаланған әдістемелерді дер кезінде меңгеріп, кәсіби іс-әрекетті қалыптастырып оны саналы да сапалы түрде іске асыра білу біздің алдымызға нақты қойылған міндет болуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Роджерс Э. Инновация туралы түсінік. — //Қазақстан мектебі. – №4. – 2006.
2. Таубаева Ш. Т. Оқытуың қазіргі технологиялары //Бастауыш мектеп. – № 4. – 2010. – 5–12 б.
3. Лукпанова Л. С. Инновациялық технологияларды оқу үдерісіне қолдану [Электронды ресурс]. – URL: <http://orleu.kz/?p=156241> (қаралған күні: 10.05.2021).
4. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – Алматы: Білім, 2008.
5. Аширова А., Қарабаева Х. Инновациялық технологияларды оқу үдерісіне пайдалану ерекшеліктері // ҚазҰУ Хабаршысы. – 2018. [Электронды ресурс]. – URL: <https://articlekz.com/kk/article/22159> (қаралған күні: 10.05.2021).
6. Алибаева У.С. Инновациялық технологиялар білім сапасын арттырудың басты құралы [Электронды ресурс]. – URL: <https://oqu-zaman.kz/?p=17642> (қаралған күні: 03.05.2021).

References

1. Rodzhers Je. Innovacija turaly tysinik [The concept of innovation], Kazakstan mektebi [School of Kazakhstan] 4, (2006).
2. Taubaeva Sh. T. Okytuyın kazirgi tehnologijalary [Modern teaching technologies], Bastauysh mektep [Primary school], 4, 5–12. (2010).
3. Lukpanova L. S. Innovacijalyk tehnologijalary oku yderisine koldanu [Application of innovative technologies in the educational process] [Electronic resource]. Available at: <http://orleu.kz/?p=156241> (Accessed: 10.05.2021).
4. Koshimbetova S. Innovacijalyk tehnologijany bilim sapasyn koterude pajdalanu mymkindikteri [Possibilities of using innovative technologies to improve the quality of education] (Almaty, Bilim, 2008).
5. Ashirova A., Karabaeva H. Innovacijalyk tehnologijalary oku yderisine pajdalanu erekshelikteri [Features of the use of innovative technologies in the educational process], Vestnik KazNU [Bulletin of KazNU], 2018. [Electronic resource]. Available at: <https://articlekz.com/kk/article/22159> (Accessed: 10.05.2021).
6. Alibaeva U.S. Innovacijalyk tehnologijalar bilim sapasyn arttyrudyn basty kuraly [Innovative technologies are the main tool for improving the quality of education] [Electronic resource]. Available at: <https://oqu-zaman.kz/?p=17642> (Accessed: 03.05.2021).

Б.С. Байменова, А.Е. Демегенова

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, г. Нур-Султан, Казахстан

Роль инновационных технологий в формировании профессиональной деятельности

Аннотация. Радикальные изменения в социально-экономической жизни Казахстана потребовали пересмотра приоритетов в системе образования, и одна из важнейших задач - подготовка будущего по-

коления к профессиональной деятельности. В современном обществе отмечается многообразие профессий, соответствующее бурное развитие научно-технического оборудования, однако ощущается нехватка квалифицированных специалистов. Важно овладеть инновационными технологиями в формировании профессиональной деятельности будущих специалистов. Индикатором современных требований является потребность в образованных, квалифицированных, квалифицированных новаторах. В данной статье мы сделали акцент на значении инновационных технологий в формировании профессиональной деятельности. Показателем современных требований является потребность в образованных, квалифицированных новаторах. Поэтому мы начали с роли инновационных технологий в образовании. Ученые задаются вопросом, что представляют собой инновации в целом, изучают виды современных инновационных технологий и их пользу для студентов. Мы проанализировали показатели того, какой уровень технологии должен освоить преподаватель при формировании профессиональной деятельности, сосредоточились на новых инновационных технологиях и на том, какие способности они помогают развить у ребенка. Также показаны этапы внедрения инновационных технологий в научной литературе.

Ключевые слова: инновационные технологии, модификация, комбинаторное, радикальное, модульное обучение, критическое мышление, профессиональная деятельность.

B.S. Baimenova, A.E. Demegenova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Development of professional motivation of students

Abstract. Radical changes in the socio-economic life of Kazakhstan required a revision of priorities in the education system, and one of the most important tasks is to prepare the future generation for professional activity. In modern society, there is a variety of professions, corresponding to the rapid development of scientific and technical equipment, however, there is a shortage of qualified specialists, therefore it is important to master innovative technologies in the formation of the professional activities of the future specialists. An indicator of modern requirements is the need for educated, skilled, skilled innovators. In this article, we have focused on the importance of innovative technologies in the formation of professional activities. An indicator of today's demands is the need for educated, skilled innovators. Therefore, we started with the role of innovative technologies in education. What is innovation in general and what it is, scientists studied, the types of modern innovative technologies, and what are their benefits for students. And in addition to the student, we analyzed the indicators of what level of technology a teacher should master in the formation of professional activity. We focused on new innovative technologies and analyzed what abilities they help develop in a child. We also talked about the stages of introducing innovative technologies in scientific literature.

Keywords: innovative technologies, modification, combinatorial, radical, modular training, critical thinking, professional activity.

Авторлар туралы ақпарат:

Байменова Б.С. – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Демегенова А.Е. – корреспондент үшін автор, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының 2 курс магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Baimenova B. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of «Social pedagogics and self-knowledge» Department, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Demegenova A. – **Corresponding author**, The 2nd year master student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, «Social pedagogics and self-knowledge» Department, Nur-Sultan, Kazakhstan.